Төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс отырысының хаттамасы № 6

Аягөз қаласы **19 желтоқсан 2023 жыл**

Жиналыс төрағасы: М. Татенов – Аягөз ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;

Жиналыс хатшысы: М. Қажебаев – Аягөз ауданының ТЖ бөлімінің аға инженері

Қатысқандар:

Аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия мүшелері (тізім бойынша);

Қала әкімі.

Күн тәртібінде:

Жоспар бойынша сұрақ:

Аягөз қаласы Қабанбай батыр көшесінің бойындағы 120 пәтерлі көп қабатты екі үй және 600 орындық мектебін жылумен қамтамасыз етіп тұрған жылу қазандығының жәй-күйі туралы.

Комиссия отырысының күнтіртібі бойынша, «Комплекс и К» ЖШС-нен 2023 жылғы 18 желтоқсанда №145 хат түскен, хатқа сәйкес аталған мекеме жылу маусымы басталғаннан бері өз есебінен жүргізіп келеді. Қазандық негізінен 2 бес қабатты 60 пәтерлі және 600 орындық мектепті жылумен қамтамасыз етіп отыр, бүгінгі таңда мекеменің әрі қарай қазандықты ұстауға мүмкіндігі жоқтығын және де оны тоқтататындығын айтқан. Қазандық тоқстаған жағдайда 120 пәтер және №3 мектеп жылусыз қалады, бұл мәселе төтенше жағдайға және әлеуметтік ахуалдың шиеленісуіне әкіліп соғуы мүмкін. Сондықтан тез арада аталған қазандықты мемлекеттік меншікке алу керек.

Жоғарыда күн тәртібінде көрсетілген ақпараттарды тындап талқылағаннан кейін, мәселе туындатқан сұрақтарды шешу мақсатында, ауданның Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою Комиссиясы **ҰСЫНАДЫ:**

«Аягөз ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ:

1. Аталған қазандықты мемлекеттік меншікке алуды ұйымдастырсын. *(орындалу мерзімі 2023 жылдың 29 жетоқсанына дейін).*

2. Аталған №3 мектеп және 5 қабатты екі үйді жылусыз қалдырмауын ұйымдастырсын *(орындалу мерзімі 2023 жылдың 15 сәуірге дейін).*

Хаттамада бекітілген жауапты орындаушылар көрсетілген мерзімдерге сәйкес атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты ұсынып отыруы қажет және осы хаттамалық шешімдерді орындау бойынша бақылауды өзіме қалдырамын.

Жиналыс төрағасы **М. Татенов**

Жиналыс хатшысы **М. Қажебаев**